

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Журналистика факультеті Жұмыс берушілер кеңесінің Жұмыс беруші мекеме басшыларымен арадағы Келісім-шарты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Журналистика факультетінің 28 тамыз 2012 жылғы ғылыми әдістемелік отырысында бекітілген Келісім-шарт негізінде бірінші жақ Журналистика факультетінің деканы Медеубек Сағатбек Медеубекұлы екінші жақ

«Алматыкітап» баспасы ЖШС-нің Президенті Саймасева Гаухар Айтжанқызы Журналистика факультеті «Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер» кафедрасының студенттерін өндірістік тәжірибеден өткізу жөніндегі Келісім-шартқа қол қойды.

1. Жұмыс беруші мекеменің міндеті:

- 1.1. «Боллон жүйесіне» негізделген элективті пәндер тақырыбын әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетіне ұсынуға;
- 1.2. Тәжірибеден өтуге үлгерімі жақсы және элективті пәндерді үздік оқыған, факультет Жұмыс берушілер кеңесі бекіткен студенттерді ғана қабылдауға;
- 1.3. Тәжірибеден өтуші студентке мекеме қызметкерлердің бірін маман-жетекші етіп тағайындауға;
- 1.4. Студенттің өндірістік тәжірибесі аяқталғанда оның жұмысын бағалап, мінездеме беруге;
- 1.5. Тәжірибеден өтуші студенттің болашақтағы диплом жұмысы тақырыбын маман-жетекшімен бірлесе анықтауға;
- 1.6. Тәжірибеден өткендердің ішінен таңдаулы бірер студентті болашақта жұмысқа алып қалу мүмкіндіктерін қарастыруға;
- 1.7. Келісім-шарт негізінде таңдау пәндерін жүргізетін оқытушымен бірлесе шеберлік-сыныптарын өткізуге;
- 1.8. Алдағы уақытта қажетті мамандар даярлаудың жаңа тәсілдерін факультет Жұмыс берушілер кеңесімен бірлесе айқындауға.

2. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Журналистика факультетінің міндеті:

- 2.1. Үлгерімі жақсы және осы Келісім-шарт бойынша элективті пәндерді оқыған студенттерді ғана мекемеге тәжірибеден өту үшін жіберуге;
- 2.2. Студенттің оқу-танымдық және өндірістік тәжірибе жетекшісі (Жұмыс берушілер кеңесі) мекеме қызметкерлеріне әдістемелік көмек көрсетуге.

3. Студенттің міндеті:

- 3.1. Тәжірибелік бағдарламада көрсетілген барлық тапсырмаларды, мекеме берген тапсырманы уақытылы орындауға;
- 3.2. Еңбек және техникалық қауіпсіздік ережелерін қатан сақтауға;
- 3.3. Құрал-жабдықтар мен құжаттарды ұқыпты пайдалануға;
- 3.4. Таңдалған мамандық бойынша теория мен тәжірибені ұштастыра білуге;
- 3.5. Тәжірибе жетекшісіне (Жұмыс берушілер кеңесіне) мекеме жетекшісі куәландырылған тәжірибе есебі мен мінездемесін тапсыруға.

Мерзімі

«01» 06 мен «01» 07 жылға дейін

2019

Тараптардың заңды мекен-жайы:

Әл-Фараби даң., 71-інд: 050038

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Журналистика факультетінің
деканы



Алматы қ., Жамбыл көш., 111

«Алматыкітап баспасы» ЖШС-нің
Президенті

